

Орман қоры жерлерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 25 сәуірдегі № 269 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 130-бабына және Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Жамбыл ормандары және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – мекеме) жалпы алаңы 5300 гектар жер учаскелері орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Жамбыл облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелерінің қорғаныс мұқтажына арналған объектілерді жайластыру үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Оңтүстік" өңірлік қолбасшылығы әскерлері қолбасшысының басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне берілуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Оңтүстік" өңірлік қолбасшылығы әскерлері қолбасшысының басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығасылары мен шығындарын республикалық бюджет кірісіне өтесін және алынған сүректі көрсетілген мекеменің теңгеріміне бере отырып, алаңды тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылатын жер учаскелерінің экспликациясы

		оның ішінде:				

Ж е р пайдалануш ының атауы	Жалпы алаңы, гектар	орман көмкерген	орман көмкермеге н	жайылымда р	жолдар	жайсыз батпақтар ж ә н е өзгелер)	(өзге жерлер
Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар ж ә н е табиғат пайдалануд ы реттеу басқармасы н ы ң "							
Жамбыл ормандары ж ә н е жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі" коммуналд ы қ мемлекеттік мекемесі	5300	313,7	261	2091,7	5,5	2,1	2626
Барлығы:	5300	313,7	261	2091,7	5,5	2,1	2626